

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік  
университеті

# ЕЖЕЛГІ МӘДЕНИЕТТЕР МЕН ӨРКЕНИЕТТЕР

---

Орындаған: Темірбек Ұ.Т.

Қабылдаған:

# ЖОСПАР

- Шығыстағы ежелгі өркениеттер. Қосөзен.Шумер өркениеті. Ежелгі Египет мәдениеті.
- Мәдениеттің Үнді-буддизм типі. Ежелгі Үндістан мәдениетінің материалдық және рухани ерекшеліктері.
- Мәдениеттің Конфуцийлық – даосистік типі.

# Мәдениет

- Мәдениет ұғымын тереңірек түсіну үшін, оған мағыналық жақындығы бар кейбір басқа ұғымдармен арақатынасын қарастырып өтейік. Осы сипатта біздің зердемізге бірінші түсетін ұғым — өркениет. Өркениет (цивилизация) семантикалық жағынан алғанда (латын тілінің — «civilis» сөзі) азаматтық дегенді білдіреді. Римдіктер бұл ұғымды «варварлықтар» деп өздері атаған, басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Яғни, «өркениет» олардың түсініктері бойынша азаматтық қоғамы, қалалық мәдениеті, заңға негізделген басқару тәртібі бар Рим империясының даму дәрежесін білдіреді.



# Ғасырлар бойы қалыптасқан осы екі ұғымның мағыналарын төмендегідей топтастыруға мүмкіндік бар:

Өркениет — мәдениеттің ақыры, оның кәрілік шағы, руханилықтың антиподы (Ж.Ж. Руссо, Ш. Фурье, О. Шпенглер).

Мәдениет пен өркениет бір. Олар синонимдер (И. Гердер, Э.Б. Тайлор).

Өркениет — мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі (Ф. Вольтер, Д. Белл).

Өркениет — тағылық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л. Морган).

Өркениет — этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің оқшау түрі (А. Тойнби, Н.Я. Данилевский және т.б.).

Өркениет мәдениеттің техникалық даму деңгейі, оның материалдық жағы.




# Шығыс өркениеті

- Шығыс өркениеті өмірге қабілетті келді. Ол көптеген шапқыншылықтар мен отарлау саясатын бастан өткерді. Шығыс өркениеті икемділігі мен өміршеңдігін арқасында осынау өзгерістерден өз жолын таба білді. Дегенмен өзіне ұқсас келмеген дүниелерді өңдеген жаңа бағдарлама жолындағы, техника жағынан дамыған Еуропа өркениетінен Шығыс та қалыса қоймаған болатын. Осынау түрлі мәдениеттер тоғысындағы өркениет әлемі бір – бірін толықтыра отырып, жалпы әлемдік мәдениетті құрады. Мұнда Шығыс пен Батысты біріктіретін түрлі құндылықтар мен менталитеттердің үйлесімі қашан да салтанат құрмақ. Қазіргі заманғы жаһандану өріс алған тұста жер шары түрлі элементтерден құралатын тұтас жүйеге айналуда. Осы орайда « Ғаламдық Шығыс және Батыс тарихы мына элементтердің негізін қалаушы дуализмге : Жер мен Су, Құрлық пен Теңізге толықтай тәуелді », – дейді Карл Шмидт.

# Қосөзен.Шумер өркениеті

- XIX ғасырдың соңғы ширегінде Тигр және Ефрат (Қос өзен) өзендерінің бойында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ежелгі ескі қалалардың орны ашылып, әлемге «Шумер өркениеті» деген жаңа мәдениет белгілі болды. Адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтаған мол мәдени мұраларына қомақты үлес қосқан, дүниежүзілік өркениеттің тағы бір бастауына айналған бұл жаңа мәдениеттің аты аңызға айналды, адамзат қауымының «фэлсафалық мәйегі», ілгерілеу мен дамудың қайнар бұлағы деп дәріптелді.
- Жер бетінде алғаш өркениетті қауым, іргелі мемлекет құрған шумерлердің мәдениеті дүниежүзілік мәдени ошақтардың бірі Египет мәдениетіндей өте жоғары болды. Бірақ Ніл аңғарында үш мың жыл бойы бір-ақ халық қоныстанып, бір-ақ қана мемлекет Ежелгі Египет қоныстанса, ал Қос өзен бойында Шумер, Аккад, Вавилон, Ассирия, Иран сияқты түрлі мемлекеттік құрылымдар тарих сахнасында бірінен кейін бірі алмасып тұрды, түрлі халықтар өзара сауда-саттық жасаумен қатар, өзара әскери қақтығыстарға да жиі барып тұрды, соның салдарынан қалалар мен әсем ғимараттар күл-талқан болып қирады да. Бірақ мұндай қақтығысқа қарамастан бұл мемлекеттердің мәдени гүлдену процесі тоқтап қалған жоқ.
- Оған дәлел, Қос өзеннің ең көне мәдениеті Шумер-аккад мәдениеті. В.В. Струве, В. И. Авуев, В.А. Тураев, Б.И. Грозный сияқты аса көрнекті шығыстанушы ғалымдардың пікірінше, шумерлер бүкіл Вавилон мәдениетінің негізін қалаушылар болып саналады. Ал шумерліктердің өздері, олардың ата-бабаларын Қос өзен өңіріне сонау таудың ар жағынан, солтүстіктен, яғни солтүстік-шығыстан келген.

- Шумер мемлекетінің мәдени жетістіктері орасан зор болды. Өз заманында іргелі мемлекет құрған шумерлер айналасы тас дуалды әдемі қалалар салудың тамаша үлгісін көрсете білді. Қалада патша сарайы, дін ордалары, қалалық әкімшілік, шеберхана, мектеп, базар, тұрғын үйлер тәртіппен түзіліп, шаһардың сәулетіне сәулет қосты.
- Дүние жүзіндегі алғашқы жазуды ойлап табу да осы дарынды халықтың үлесіне тиген.



# Ежелгі Египет мәдениеті

- Ежелгі Египет мәдениетінің ең басты ерекшелігі – ажалға қарсылық болды. Бұл табиғи қарсылық, немесе мәңгілік өмір сүруге талпынушылық. Египет халқының бүкіл діни санасына тереңдей еніп, оның мәдениеті мен өнерін қалыптастыруда айрықша рөл атқарды.
- Ежелгі Египет мәдениеті – сан-салалы мәдениет. Солардың бірі – біздің заманымызға келіп жеткен Египеттің ең көне жазу текстері. Олар – құдайларға құлшылық ету мен шаруашылықты жүргізуге байланысты жазбалар.





# Жазу

Египетте жазу өнері б.з.б. IV м.ж. пайда болды. Ең алғаш жазулар сурет ретінде салынған. Ең алғаш жазуларды таңбалар мен суреттер құрады. Бұндай таңбалар иероглифтер деп аталды, ал египеттік жазу иероглифика деп аталады. Олардың саны 700-ден аса болды, ал кейіпкерсіз тіпті бірнеше мыңға дейін жетті. Иероглифтер оқиды бейпелер қайда қарап тұр, солай оқылды. Оныан солға немесе солдан оңға.



Тасқа жазылған иероглифтер.

Египеттіктер тасқа, ағаш қабығына, балшыққа, теріге жазған. Соның ішінде ең көп тарағаны папирус өсімдігінен жасалған қағаз папирус болды.



- Көне Египет мәдениетінің тамаша туындыларының бірі-” Өмірден түңілген адамның өз жаныменсұхбаты” деп аталады. Өмірден қатты түңілген бұл адам өлімге бет бұрады. Бірақ оның жаны бұл әрекетке барынша қарсылық жасап, бұл өмірдің қызығы мен рахатын көруге кеңес беріп, оны өлімнен сақтандырады.



Египет жерінде салынған ғибадат- ханалардың алдында сфинкстер тұрғызылды  
Ең алып сфинкс б.з.б үшінші мыңжылдықта салынған.  
Ол осы уақытқа дейін Хефрин пирамидасын күзетіп тұр.  
Бұл адам басынан 35 есе үлкен, ұзындығы 57 метрге жетеді



Египетте құдайлар өте көп болған, тіпті әрбір қаланың бірнеше құдайы болған. Ең алдымен күдіретті құдай, яғни құдайлардың құдайы – Күн құдайы “Ра” болды. Одан кейінгі орынға – өлім құдайы “Осирис” шықты. Осиристің әрі әйелі, әрі қарындасы “Исида” болды. “Маат” – шындық мен тәртіптің құдайына айналды.

Египетте өз дәуірінің талай ғұлама ақындары,  
суретшілері еңбек етті.Бұл “Әлемнің жеті кереметінің  
бірі”-болып саналады.



Мәдениеттің Үнді-бұддизм типі.  
Ежелгі Үндістан мәдениетінің  
материалдық және рухани  
ерекшеліктері.



Ежелгі үнді мәдениетінің өмір сүру уақыты б.з.б. III мың-тан б.з.б. VI ғасырға дейін. Қазіргі Үндістан мемлекетінің атауы XIX ғасырда пайдаболды.


### Үнді мәдениет ерекшеліктері :

- діни және философиялық ілімдер байлығы мен алуандығы
- Ғалам ( Әлемнің құпиясы ) мен адам әлемні (философия және йога) ішіндегі дүниесі;
- ғажайып музыка мен би;
- особое почитание любви — чувственной и физической.

### **Ежелгі Үндістанның тарихы кезеңдері :**


- *Харапп өркениеті*
- *Арий әулеті*
- *Маурья және Гупта империясы*

**Хараппа өркениеті** - қазіргі Үндістан мен Пәкстан аумағындағы ежелгі мәдениет. Біздің заманымыздан бұрынғы 3-мыңжылдық пен біздің заманымыздан бұрынғы 16 ғасырлар аралығын қамтиды. Пәкстандағы Мултан облысы Рави өзеннің ескі арнасы маңындағы Хараппа атына байланысты Хараппа өркениеті деп аталған. Кейде оны инд мәдениеті, инд өркениеті деп те атайды.



*Мохенджо-Даро*

*Мохенджо-Даро*





Біздің заманымыздан бұрынғы 2500 ж. шамасында Инд өзені бойында үнді мәдениетінің негізі қаланды. Көп ұзамай Үндістанға Орталық Азиядан арий тайпалары басып кіріп, шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 1500 ж. бүкіл Солтүстік Үндістанды басып алды. Арий өмірі туралы негізгі ақпарат көзі Веда, ол санскрит тілінде жазылған. ( Үндістан ежелгі әдеби тіл )

Үнділерде каста маңызды орын алған. Каста төрт варнаға бөлінген:

- брахманы
- кшатрии
- вайшы
- шудры
- Үнділердің бірінші діні ол Веда діні болып саналады. Ол дін политеистік сипатта және нысандарды жануарлар адам қасиеттерін беріп отыр.



Индра- Найза құдайы



Сурья- күн құдайы



Агни – от құдайы

**Брахманизм** - ежелгі Үндістанда ведашылдықтың негізінде пайда болып, оны алмастырған діни - философиялық жүйе.

**Индуизм** б.з д. бірінші мыңжылдықта пайда болды. Ол адамды рухани құтқарудың үш жолын ұсынды. Олар:

қасиеттері істер жолы;

таным жолы;

адалдық жолы.



Брахма



Вишну



Шива

**Империя Маурьев** (б.з.б. V—III ғ.) Орасан зор аумақты жаулап алған, буддизмді бүкіл Үнді жеріне таратқан және император Ашок тұсында Маурья империясы гүлденген.

**Гупта империясы** (санскрит गुप्त, gupta, хинди गुप्त राजवंश) — IV—VI ғасырларды болған Гупта әулетінің бастауымен құрылған Үндістандағы мемлекет. Бұл кезең Үндістанның тарихында ұлттық әдебиетінің, өнердің, сәулет және философияның өркендеуінің «алтын ғасыры» ретінде қалған[.

Буддизм - (санскритше - बुद्ध धर्म, buddha dharma Будданың ілімі) - дүниежүзіне кеңінен таралған негізгі 3 діннің бірі. Б.з.б. V-VI Үндістанның бүгінгі Бихар штатында пайда болды. Буддизмнің негізін салушы Сиддхарта Гаутама деп есептеледі. Буддизм басқа ілім-танымдарды бойына оңай сіңірді және оның негізгі қағидасы жан иесіне жамандық жасамау болғандықтан, жер жүзіне соғыссыз тарайды. Қазіргі кезде Буддизм дінін 1 млрдқа жуық адам ұстанады.

Ежелгі үнді сәулет құрылысының ерекшеліктері . Б.з.б. III ғасырдағы ескерткіштер қазіргі заманға дейін сақталған жоқ. Себебі, құрылыс материалы ағаш болған. Б.з.б III ғасырдан бастап құрылыста тасты қолданған.



Аджанта



## Ежелгі үнді өнері



Шива ғибадатханасы



Алтын стамбха ( 500 кг алтын)

## Ежелгі үнді өнері



Будда ескерткіші



Ежелгі фреска (Аджант)

# Мәдениеттің Конфуцийлік – даосистік типі.

Ғаламда мәдениеттер көп болса, соның ең ежелгісі әрі терең білімділік пен мәдени өмірдің үлгісін көрсеткен ертедегі Қытай мәдениеті. Ежелгі Қытай мәдениеті біздің заманымыздан бұрынғы VI-V ғасырларда пайда болды. Оған дейін Қытай идеологиясы мен саясатында екі бағыт айқындала бастады: консерватролық (не кертертпа) және прогресшілдік, бірі – мистикалық, екіншісі – атеистік бағыттар. Алғашқы мареиалистер пікірінше, әрбір зат бес түрлі бастапқы элементтен (металл, ағаш, су, от, жер) тұратын болса, керісінше, идеалистер пікірінше, табиғаттың жаратылуы, дамуы «даоға» байланысты.



Ертедегі Қытай мәдениетінде конфуцийлік бағыт басты рөл атқарды. Оның негізін салған нақты адам – Конфуций біздің заманымыздан бұрын 551-479 жылдар аралығы өмір сүрген. Ертедегі Қытай мәдениетінің дамуында оның атқарған рөлі ерекше. Конфуций қатаң тәртіп болуын жақтады. Өз өмір-тіршілігінде конфуций төрт принципті қатаң ұстады:

- 1) бос қиялға салынбау;
- 2) «мен білемін» дегендіктен аулақ болу;
- 3) қасарыстық көрсетпеу;
- 4) өзінің жеке басы жайлы ойламау







Конфуцийдің 3000 шәкірті болды, олардың 72-сі ерекше Жақын, ал 12-сі мәңгі қасында жүрді. Ол бірнеше кітаптар құрастырды («Өлеңдер кітабы», «Көктем және күз» жылнамасы, «Сұхбат және пікір айту», т.б.).

Конфуцийдің «Ұлы ұғыну кітабы» 75 қатардан тұрады. Оған 1546 түсіндірме жасалған.

Тарихтан белгілі ежелгі Қытайда «Ата-бабаларға» табыну кеңінен орын алған. Осы бір ежелден қалыптасқан дәстүрдің мзмұны мен түрін өзгерткен Конфуций оған ерекше мән бере отырып, бұл табынушылықты әрбір Қытай азаматының қоғамдағы басты міндетіне, тіртіп нормасына айналдырды. Сөйтіп, осындай мақсатты жүзеге асыруға негізделген «Сяо» - яғни «Балалар құрметі» ілімі өмірге келді. Конфуцийдің пайымдауынша, «сяо» ережелері – ата-анаға қалтқысыз құрмет көрсетуді, оларды «ли» дәстүрімен жерлеуді және дәл осы тәртіппен ата-аналар құрметіне құрбандықтар шалып отыруды қатаң талап етеді.



Назарларыңызға рахмет



Назарларыңызға рахмет!

